



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2018 жылғы 16 тамыз

KAZ MINERALS 2018 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ІС-ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

KAZ Minerals Тобы 2018 жылдың алғашқы алты айындағы өндірістік іс-қызметінің қорытындысын және қаржылық нәтижелерін жариялады.

Өндірістік нәтижелер

Бұған дейін хабарланғандай, 2018 жылдың бірінші жартысында KAZ Minerals Тобы 139,6 мың тонна мыс¹ өндірді. Бұл 2017 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда 18%-ға артық (118 мың тонна). Өсімнің негізгі себепкері – Ақтоғайдағы сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасының есептік қуатына жетуі.

2018 жылдың бірінші жартысында Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-нде 49,8 мың тонна мыс² өндірілді. ШҚО-ғы Ақтоғай КБК-нің кәсіпорындарында – 60,5 мың тонна мыс¹ өндірілсе, оның 49,0 мың тоннасы сульфидті кеннен өндірілген мыс, ал 11,5 мың тоннасы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс. Шығыстүстімет кәсіпорындары мен Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде 29,3 мың тонна мыс өндірілді.

Бірінші жартыжылдықта KAZ Minerals 24,9 мың тонна концентраттағы мырыш, 89,8 мың унция алтын², 1,637 млн унция күміс² өндірді.

2018 жылы мыс өндірісі 270-300 мың тонна аралығында болады деп жоспарланып отыр. Ілеспе өнімдердің жоспарлы көрсеткіштері өзгерген жоқ.

Қаржылық нәтижелер

2018 жылдың бірінші жартысында сатылымнан түскен табыс көлемі \$1 098 млн құрады. Бұл 2017 жылдың бірінші жарты жылдығындағы көлемі \$837 млн болған сатылымның жалпы табысынан³ және Топтың қаржылық есебінде көрсетілгендей \$721 млн көлеміндегі сатылымнан түскен табыстан артық. Өсімге мына жағдайлар әсер етті - Ақтоғай мыс өндірісінің артуы (сату көлемінің 22%-ға ұлғайды), Лондон металдар биржасындағы мыстың орташа бағасының 20%-ға қымбаттауы.

2018 жылдың алғашқы алты айында Топ мыс өндірісіндегі шығындардың төмендігін сақтап қалды және 145 АҚШ центі/фунт көлеміндегі жалпы ақшалай өзіндік құнды көрсетті. Бұл былтырғы жылдың осындай кезеңінде тіркелген 144 АҚШ центі/фунт көрсеткішіне сәйкес келеді.

Топ сала бойынша таза ақшалай өзіндік құнының 82 АҚШ центі/фунт көрсеткішімен (2017 жылдың 1-жартысы: 64 АҚШ центі/фунт) жетекші орында және шығындар жөніндегі жаһандық қисықтың бірінші кварталінде тұр.

Топтың EBITDA көрсеткіші бірінші жартыжылдықта \$690 млн құрады. Бұл былтырғы жылдың

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

³ Жалпы табыстың ішіне Ақтоғайдағы сульфидті кендерді өңдейтін фабрика мен Бозшакөлдегі каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабриканың жобалық өндіріске дейінгі кезеңде түскен табыстары кіреді

осындай кезеңдегі көрсеткіштен \$185 млн-ға артық. Мұндай өсімге сатылым көлемінің артуы, шикізаттық тауарлар бағасының қымбаттауы және бәсекеге қабілетті шығындар ықпал етті. Осыған сәйкес, операциялық шығындар биылғы жылдың бірінші жартысында \$464 млн құрады (2017 жылдың 1-жартысы - \$291 млн). 2018 жылғы 30 шілдедегі мәлімет бойынша салық төлеуге дейінгі табыс 48%-ға артып, \$355 млн құрап отыр. Былтыр бұл көрсеткіш \$240 млн деңгейінде болған. Есептік кезеңдегі табыс \$276 млн жетті. Бұл 2017 жылдың бірінші жарты жылындағы көрсеткіштен 49% артық (\$185 млн). Базалық Пайдаға негізделген акцияға шаққандағы табыс 41%-ға артты. 2018 жылдың жартысында \$0,62 (2017 жылдың 1-жартыжылдығы – \$0,44).

Операциялық іс-қызметтің таза ақшалай ағыны 2017 жылдың бірінші жартысындағы \$337 млн көрсеткішінен 2018 жылдың осындай кезеңінде \$350 млн дейін артты. Осы қаражаттың \$62 млн негізінен Ақтоғай II жобасы аясында Ақтоғайға инвестиция ретінде салынса, \$250 млн Ақтоғай I жобасы аясындағы құрылыс жұмыстары үшін мерзімі ұзартылған \$300 млн төлемнің есебінде NFC компаниясына төленді.

2018 жылғы 30 шілдедегі Топтың таза берешегі \$2,05 млрд құрап, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы \$2,06 сәйкес келеді. Жалпы берешек 2017 жылдың соңындағы \$3,88 млрд көрсеткіштен \$3,71 млрд дейін азайды. Себебі, биылғы жылдың бірінші жартысында несие бойынша жоспарлы төлемдер жүргізілді. Ақшалай қаражат және ақша эквиваленттері бірінші жарты жылда \$1,653 млрд дейін азайды (2017 жылдың соңында: \$1,821). Жеке және қарыз қаражаттардың ара қатынасы төмендеді. Таза берешектің Жалпы EBITDA-ға қатынасы 1,4x құрады (2017 жылғы 30 желтоқсан: 1,7x).

Бозшакөл мен Ақтоғай жобаларын сәтті іске асыру нәтижелері бойынша KAZ Minerals Директорлар кеңесі бір акцияға 6,0 центтен аралық дивидент төлеу туралы хабарлады.

Өркендеу жобалары

2018 жылғы 2 тамызда Топ Ресей Федерациясының Чукот автономиялы округындағы Баимская жобасын сатып алу туралы хабарлады. Баимская - жаһандық маңызы бар игерілмеген мыс кен орыны. KAZ Minerals-тың ТМД елдерінің аумағында ірі жобаларды іске асыру жөніндегі тәжірибесін ескерсек, бұл мыс құнының өсімін және оның өндіріс көлемінің артуын қамтамасыз етудің сирек мүмкіндігі. Реттеуші органдар мақұлдаса, мәмілені 2019 жылдың бірінші жартысында аяқтау көзделіп отыр.

Баимская жобасының қазіргі ресурстары JORC кодексіне сәйкес 9,5 млн тонна мыс болып бағаланды. Кендегі мыстың орташа мөлшері 0,43%. Алтынның кендегі мөлшері 0,23 г/т болса, оның көлемі 16,5 млн унция. Мұнда бұдан арғы барлау әлеуеті бар. Алғашқы он жылдағы операциялық іс-қызмет барысында күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Операциялық шығындары жаһандық қисықтың бірінші квинтилінде болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі шамамен 25 жыл.

2018 жылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы өндірісті кеңейту жобасын іске асыруда айтарлықтай ілгерілеуге қол жетті. Бұл жоба қосымша кен байыту фабрикасы мен үгіту қондырғысын салу арқылы 2021 жылы сульфидті кендерді өңдеу қуатын екі еселеуге мүмкіндік береді деп көзделген. 2018 жылдың бірінші тоқсанында ұсақтау диірмендері, редуكتورсыз электр жетектер және энергетикалық жабдықтар сияқты ұзақ уақыт жасауды талап ететін жабдықтарға тапсырыстар орналастырылды.

2018 жылғы 8 маусымда Топ Көксай жобасына NFC компаниясы (Бозшакөл мен Ақтоғайдағы құрылысы мердігері) тарапынан ТЭН және өзге жұмыстарға салынатын \$70 млн инвестиция жөніндегі келісім туралы хабарлады. Қазақстан мен Қытайдағы реттеуші келісімдерден кейін NFC бұл инвестиция үшін жобаның 19,4% үлесіне ие болады.

Өндіріс жоспары

Топ орта мерзімді кезеңде мыс бағасына қатысты жағымды болжамды сақтап отыр. Себебі, әлем бойынша қазіргі жұмыс істеп тұрған кеніштердегі өндірістің азаюы және жаңа жобалардың аздығы, мысты пайдаланудың дәстүрлі және жаңа тәсілдеріне деген сұраныстың артуы мыстың дефицитіне алып келеді.

2018 жылы мыс өндірісінің жоспарлы аралығы 270-300 мың тонна деңгейінде бекітілді.

Бозшакөлде мыс өндірісі 95-105 мың тонна көлемінде болады деп жоспарланған. Ақтоғайда мыс өндірісінің жоспарлы аралығы 110-130 мың тонна болып белгіленді. Оның 20-25 мың тоннасы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс және 90-105 мың тоннасы сульфидті кеннен өндірілген мыс болмақ. Шығыс өңір мен Бозымшақ кенішіндегі өндірістік жоспар - 65 мың тонна мыс.

2018 жылы өндіріледі деген концентраттағы мырыштың көлемі - 60 мың тонна. Өндіріген алтынның көлемі 160-175 мың унция, ал күміс шамамен 3 млн унция болады деп жоспарланып отыр.

Күрделі шығындар

2018 жылдың бірінші жартысында Топ бойынша өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар \$39 құрады (2017 жылдың 1-жартысы: \$23 млн). Негізінен бұл Бозшакөл мен Ақтоғайдағы анағұрлым үлкен шығындар есебінен орын алып, Шығыс өңір мен Бозымшақтағы анағұрлым аз шығындардың арқасында біршама өтелді.

Бірінші жартыжылдықта өндірісті кеңейту және жаңа жобалар шығындары \$325 млн құрады. Оның \$250 млн мерзімі ұзартылған төлемнің бір бөлігі ретінде NFC компаниясына төленді, \$62 млн Ақтоғайды кеңейту жобасына инвестицияланды және \$10 млн қолданыстағы Артемьев кенішінің пайдалану мерзімін ұзарту жөніндегі алғашқы жұмыстарға, вентиляциялық штректы жасауға арналып отыр.

Жылдың бірінші жартысында Бозшакөлде өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар \$12 млн құрады. Екінші жарты жылда техникалық қызмет көрсету шығындары, өндірісті қолдаудың жылдық шығындары шамамен \$35 млн болады деп күтілуде. Ақтоғайдағы өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар \$9 млн болып шектелді. Өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындардың жалпы көлемі жыл бойында \$30 млн құрайды деп жоспарланған. Шығыс өңір мен Бозымшақта өндірісті қолдауға арналған күрделі шығындар \$18 млн құрады. Жыл көлемінде өндірісті қолдау жөніндегі күрделі шығындар \$50 млн жетеді деп көзделген.

Өндірісті кеңейту жөніндегі күрделі шығындар бойынша болжамдар 2018 жылы барлық өндірістік кәсіпорындарда өзгеріссіз қалды: Бозшакөлде – \$40 млн, Ақтоғайда – \$550 млн және Шығыс өңір мен Бозымшақта – \$40 млн.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «Бірінші жарты жылда KAZ Minerals жоғары қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізді. Оған Ақтоғайдағы өндіріс көлемінің артуы, металдар бағасының қымбаттауы және өндірістің төмен өзіндік құны әсер етті. Бозшакөл мен Ақтоғай сияқты жобаларды іске асырудың арқасында қазір Топта жоғары ақшалай қаражат табуды, жеке және қарыз қаражаттың ара қатынасын тез азайтуға мүмкіндік берген ірі ауқымды, аз шығынды кәсіпорындар жинағы бар. Осының арқасында Директорлар Кеңесі бір акцияға 6,0 АҚШ центі көлеміндегі аралық дивиденттерді төлеу туралы хабарлады».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, ірі ауқымды, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда

орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші кварталға кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – шамамен 28 жыл. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

2018 жылдың тамыз айында Топ реттеуші органдардың тиісті рұқсаттарын алынса, РФ Чукот автономиялы округындағы Баимская мыс жобасын сатып алу жөніндегі келісім туралы хабарлады. Баимская лицензиялы аумағындағы Песчанка кен орынын игеру 2027 жылдан бастап пайдаланудың алғашқы он жылында жылына 250 мың тонна мыс өндіруді және 400 мың унция алтында қамтамасыз етеді деп күтілуде. Пайдалану мерзімі – 25 жыл шамасында.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары. 2018 жылдың 1 тамызынан бастап Топ Гонконг қор биржасындағы айналымын тоқтатты.

Бұл хабарламада ішкі ақпарат бар.